[5] Веселовский Г.М. Воронеж в историческом и современно-статистическом отношениях. Воронеж: Тип. губ. правления, 1866. 306 с.

[6] Голиков И.И. Дополнение к деяниям Петра Великого. Т. 8. СПб.: Университет. тип., 1792. 493 с.

[7] Голиков И.И. Дополнение к деяниям Петра Великого. Т. 6. СПб.: Университет. тип., 1791. 372 с.

[8] Елагин С.И. История русского флота. Период Азовский. СПб.: Тип. Гогенфельдена и Ко, 1864. 376 с.

[9] Загоровский, В.П. Петр Великий на воронежской земле. – Воронеж, 1996. – 121 с

[10] Петрухинцев Н.Н. Два флота Петра I:

технологические возможности России // Вопросы истории. 2003. №4. С. 117-128.

[11] Устрялов Н.Г. История царствования Петра Великого. Т. 4. Ч. 1. СПб.: тип. П-го Отделения Собст. Его. Имп. Вел. Канцелярии, 1863. 619 с.

© *К.О. Григорьев, 2022*

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

И.В. Каспаров,

к.т.н., проф.,

e-mail: kiwik2008@mail.ru,

Е.А. Нагорнов,

к.культурол.,

*Самарский государственный университет путей
сообщения (филиал СамГУПС в г. Нижнем Новгороде),
г. Нижний Новгород, Российская Федерация*

РОЛЬ ОБЩЕСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ В РАСПРЕДЕЛЕНИИ СОБСТВЕННОСТИ

Аннотация: в статье рассмотрены виды собственности в зависимости от общественно-экономической формации, показано, что распределение является самостоятельным, не зависящим от существующего права общественным отношением.

Ключевые слова: собственность, общественные отношения, средства производства.

Представляется достаточно очевидным, что собственность на совместно используемые средства производства также не имеет никакого практического смысла. Для того чтобы в этом убедиться, достаточно заменить в соответствующих рассуждениях собственность на человека собственностью на совместно используемые средства производства. В таком случае остается удалить средства производства из всех форм собственности, последовательность которых выглядит в окончательном виде следующим образом.

Рабовладельческая собственность есть бессодержательное понятие. Феодалная собственность есть бессодержательное понятие. Капиталистическая собственность есть также бессодержательное понятие.

Само по себе понятие «собственность» представляется некорректным и в более широком смысле, так как предполагает существование каких-то отношений между собственником и его

собственностью, чего быть не может в принципе. Неприемлемость такого допущения заставила в свое время Маркса высказаться в том смысле, что выдуманные им отношения собственности есть отношения между людьми. Однако и такое утверждение не соответствует действительности, так как собственность для человека – это то же самое, что суверенитет для государства, хотя доподлинно известно, что собственники с огромным удовольствием едят не только других, но и друг друга и даже живьем, тем более, что подобным кровавым образом ведут себя и сами суверенные государства.

Установив бессодержательность понятия собственность, мы добрались-таки до той самой общей основы, на которой покоится всяческая несправедливость. Этой основой является не что иное, как распределение. Где распределение, как известно, там и власть, а где власть, там всегда отношения господства и подчинения, складывающиеся в результате использования насилия в процессе предшествовавшего неорганизованного экономического взаимодействия и сохраняющиеся продолжительное время с помощью всевозможных методов угнетения. Представляется очевидным, что в процессе осмысления общественно-экономических отношений произошла подмена понятия «единоличное распределение» понятием «собственность» и понятия «единоличная власть» понятием «собственник». То есть, основная роль так называемого собственника средств производства заключается в единоличном распределении результатов совместной производственной деятельности, а его место в производственном коллективе, обусловленное единоличной властью, находится на самой вершине административной иерархии.

Чем больше осуществляющий единоличное распределение заграбает себе, тем более жестокое насилие использует он в отношении остальных участников совместной производственной деятельности. Именно об этом убедительно свидетельствует последовательность раб – крепостной – рабочий. Получается, что общественно-экономические формации изменялись не в соответствии с невозможными

изменениями несуществующих форм собственности, а в соответствии с изменениями условий совместной производственной деятельности. О справедливости и этого утверждения не менее убедительно свидетельствует последовательность раб – крепостной – рабочий.

Единоличное распределение существовало в качестве реального общественного отношения еще задолго до возникновения самого этого понятия, основываясь на праве силы называемой властью. Именно и только право единоличного распределения результатов совместной производственной деятельности является священной и неприкосновенной привилегией капиталистов, которое они берегут от посягательств на него со стороны кого бы то ни было, как Кашей – собственную смерть. Достаточно, не прибегая к ужасам и кошмарам пролетарской революции, лишить капиталистов одного только права единоличного распределения, как тотчас все они превратятся в равноправных со всеми остальными участников совместной производственной деятельности.

Последовательность: раб – крепостной – рабочий убедительно свидетельствует о неоспоримой исторической правоте Дюринга, утверждавшего о том, что наемный труд – это остаточное белое рабство. Действительно, осталось все: чрезмерная продолжительность рабочего дня, вредные и даже опасные условия труда, более чем недостаточная заработная плата, насилие и угнетение. По Марксу до капитализма человеческой истории как бы и вовсе не было. Если бы он более внимательно отнесся к утверждению Дюринга, то смог бы, оглянувшись назад, проследить последовательность: раб – крепостной – рабочий. В результате неоправданного пренебрежения чужим мнением Маркс совершил непростительный просчет, который очень дорого обошелся человечеству. Он предложил перейти к так называемому коммунистическому обществу путем устранения несуществующей собственности на совместно используемые средства производства в то самое время, когда для перехода к более качественной общественной и экономической организации достаточно было устранить единоличное

распределение результатов совместной производственной деятельности. Несмотря на несомненную правоту Дюринга, история в лице наиболее образованной части дворянства царской России выбрала Маркса, краеугольным камнем экономической теории которого наиболее образованный из этих дворян назвал никчемное учение о прибавочной стоимости. В действительности, каждый участник совместной производственной деятельности всегда стремится присвоить как можно больше, а присваивает ровно столько, сколько сможет, а присвоить при этом больше всех может только капиталист.

Реальные товарно-денежные отношения необходимы для полноценного развития человеческого общества так же, как система кровообращения необходима для функционирования живого организма или круговорот веществ в природе – для существования животного и растительного мира. К несправедливости в человеческом обществе товарообмен имеет такое же отношение, какое имеет, например, та же самая письменность.

В результате скоропалительных и совершенно безответственных революционных действий страна оказывается у разбитого корыта в виде натурального хозяйства, с которого начинали весьма и весьма отдаленные наши предки. Тотальное централизованное распределение совокупного результата общественного производства не допускает возможность использования другого образа хозяйствования за исключением заведомо неприемлемого неуправляемого самопроизвольного процесса в общественных и экономических отношениях, который и приключился в качестве агонии обреченного общественно-экономического строя.

Таким образом, только устранение единоличного распределения результатов совместной производственной деятельности позволит совершить переход к более качественной общественной и экономической организации и получить тем самым продолжение исторической последовательности: раб – крепостной – рабочий.

© *И.В. Каспаров, Е.А. Нагорнов, 2022*

ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ

С.Е. Адылханова,
«Философия» білім беру бағдарламасы
II курс магистранты,
ғыл. жет.: А.С. Сағатова,
фс.ғ.к., қауымд.проф.,
Академик Е.А.Бөкетов ат.ҚарУ,
Қарағанды қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Аннотация: мақалада қоғамдық санадағы болып жатқан түбірлі өзгерістер мен ұлттық тәуелсіздік туы асқақтаған сайын туындап жатқан жаңа таным, соны көзқарастар аясында игілікті істер, ата-бабалар өсиеті, мұрасы, халқымыздың өткені мен бүгінгі болмысының рухани әлеміндегі қайталанбас ғажайып даналық әлемі тереңінен ашылып саралануға автор тарапынан ұмтылыс жасалады.

Кілт сөздер: тарих, қазақ философиясы, адамгершілік, даналық болмысы, жеке тұлға.

Қазақ даласында тарихтың әр кезеңінде сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайына орай ой-пікірін білдірген қаншама ойшыл, қайраткерлердің болғандығына куәгерміз. Бұл өте керемет құбылыс екендігінде сөз жоқ. Әр ойшылдың қоғам дамуына, қалыптасқан тарихи жағдайға, халық мүддесін қорғап, жария етудегі ұстанымдарының мән-мазмұны – еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күресі, жүрек үні болатын.

Бұның бастауы халықтың сан ғасыр бойы жинақтаған көркемдік ойларын, тәжірибесін толығымен сақтап келген ауыз әдебиеті. Бұл қазақ халқының ерте заманнан бергі негізгі рухани азығы, мәдениеті, философиясы болғандығын жақсы білеміз. Оның шығармалық үлгілері қандай көп болса, түрлері де сондай көп. Мұндай халық шығармалары көбіне табиғаттың сырын ұғуға, дүниетанымды кеңейтуге, өмірді түсінуге көмектескен. Міне, бұл – «өнердің өмірді бейнелеу принциптері». Ауыз

әдебиеті шығармаларының мазмұны – табиғат пен адам гармониясы, адам мен топтың ынтымақтастығы, рухани туыстық бірлігі, адам баласының ертеден есте қалған өмір сыры. Мұның себебі, қазақтың ауыз әдебиеті деген көлемі мен биік көркемдігі ұштасқан, халқымыздың рухани өмірінің, тарихи-әлеуметтік істердің, күрестер мен қайшылықтардың, армандар мен үміттердің, тіршілік құбылыстарына деген бағалардың, дүниетаным мен қоғам, табиғат туралы білімдердің шоғырланып, ерекше жарасым тапқан энциклопедиясы ғой [1, 3б.].

Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ауыз әдебиетінің бір саласы – батырлар жыры, батырлық эпостар ел қорғаны батыр бабаларымызбен бірге шаңырақ құт берекеесі мен ынтымағының ұйытқысы, адалдық пен мейірбандылықтың үлгісі болған аналардың есімімен байланысты небір қиял ғажайып оқиғалардың таным зердесіне тигізген ықпалы зор еді. Бұл – адамзат ұрпағының сан мыңдаған жылдар бойғы тіршілік тынысын, мінез-қаракетін, қайғы-қасіретін, болашақ арман-үмітін, ізгілік ойларын бүгінгі күнге жеткізген өмір айнасы тәрізді. Әрі тарихи нақты оқиғалар негізінде, адамдар тіршілігінің тұрмыс-дәстүрі, салт-жорасы, даналық мәйегі, адамгершілік қасиеті туралы сыр шертеді. Дүниеде өз орнын ақыл-ой, парасатымен айқындаған адам ұлылығын, шайқастарда ізгілік мұратын ту қылып, жеңісімен халқын жігерлендірген айбынды адам табиғатын осы жырлар арқылы танимыз. Халқына тән ерлік, ептілік, мықтылық, төзімділік, ар, жан тазалығы, даналық сияқты ең аяулы үздік үлгілерін бір басына дарытқан батырдың азаматтық, адамгершілік қадір-қасиеті, қажыр-қайраты кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болған. Қарап отырсаңыз, осындай өмір мектебінен бастау алған қазақ рухының философиясы өзінің жан-жақты терең астарлы мазмұнымен еліміздің даналық өнерінің негізін паш етеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» атты философиялық трактатында: «Адам хақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» деп жазыпты [2, 6б.]. Демек, кесек ой, түйдек толғам біліктіліктен, қабілеттің кең өрістілігінен, санадағы сәуледен бастау алады. Тағы да Шәкәрімнің «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие деген сол

болса керек» деген сөзі бар [3, 545 б.]. Бұдан түйіндейтініміз, даналық көпті көргеннен, естігенді еске тоқудан, өмірлік тәжірибеден, таным тереңдігінен туады. Бабаларымыз ақылдан да, дарыннан да кенде емес. Сонымен бірге, Шәкәрім бұл еңбегінде адам ұжданының қасиетін, оның мәнісін ашып көрсетеді. Ол – әділет, қанағат, мейірім қасиеттерінің жиынтығы. Бір сөзбен, имандылықтың белгісі деп те айтуға болады. Себебі, иман жүзді адам дегеніміз – ұжданды адам деген сөз. «Ұят кімде болса, иман сонда» демекші, адамның екі дүниесінде сенімді серігі – иман. Қазақта «иман жүзді», «иманы бар екен» деп бекер айтпайды. О дүниеге сапар шеккен адамға «иманы жолдас болсын, иманы салауатты болсын» деп бір ғана тілек айтады... Осы орайда Шал ақынның мына бір өлең жолдары орынды болмақ:

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері [4, 155 б.].

Бұл жердегі нәпсі сөзінің мәнісін Ғ.Есімов былайша толықтырады: «Нәпсі – табиғи заңдылыққа негізделгенімен, ол сананың әсерінен арнасынан шығып кететін өзен тасқынына ұқсас нәрсеге айналып кеткен. Сөйтіп, нәпсі адам болмысында мүлдем патшалық құрып алған. Адам нәпсісі – тойымсыз, себебі оның салалары көп. Адам нәпсісі қасқырға ұқсас. Қоралы қойға түскен қасқыр тек бір малды ғана жеп тояттап қоймайды, ол қоралы қойды түгел қырып кеткен. Бұл не харекет, не мақсат?! Мұндай харекеттің аты – жыртқыштық. Адам нәпсісі де солай» [5]. Сондықтан осындай нәпсіні ауыздықтау ақылмен жүзеге асырылмақ. Ақыл – иманның сақшысы. Ақылды да иманы берік адам ешбір қиянатқа, жамандыққа, жауыздыққа баспайды. Адамдықты арсыз, арбау дүниеден ажыратып алар тек ақыл мен иман. Сол себепті халықтық көркем дүниелердің мазмұны имандылықты, ақылдылықты, әділет, адалдықты, бір сөзбен айтқанда, адамгершілікті өзек еткен.

Адамгершіліктің бастауы әрқашанда – жүректің тазалығы, ақтығы. Көне заманнан бергі ұлттық қасиеттер, ұлттық сана-сезімдегі өзекжарды құбылыстар, құндылықтар табиғатпен үйлесімділік негізінде жетілсе керек. Көрнекті қазақ ақыны

Қадір Мырзалиев қазақ ұлтының мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттерін қазақ елінің табиғатымен тығыз байланыстыра келіп, былай толғайды:

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді,
Еркелікті, ерлікті желден алған секілді,
Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді,
Қасарысқан ерлікті шыңнан алған секілді,
Көшіп қону дегенді құмнан алған секілді,
Мыңқ етпейтін мінезді жоннан алған секілді,
Түннеруді тұнжырап түннен алған секілді,
Күншуақты күлкіні күннен алған секілді [6, 254 б.].

Міне, халқымызға тән адамдық қасиеттердің табиғатпен ұлы үндестігі, үйлесімділігі ғажайып таңқаларлықтай. Сонымен бірге бұл үндестіктен ұлттық сана-сезім астарындағы халқымызға тән мінез-құлықты, рухани дүниесін айқындайтын құндылықтарын байқағандаймыз. Қазақ халқының мінез-құлқы оны қоршаған орта, дәлірек айтқанда кең далалық кеңістікке, тұрмыс-қарекетіндегі шаруашылығына байланысты қалыптасқан. Байсалды өмір сүру, кешірімді болуы, кең пейілділігі, әңгіме барысында әр нәрсенің мән-жайын жете түсінуі, әр сөзді талдап, пайыммен жауап беруі, мұның барлығы, сайып келгенде, халқымыздың табиғатының қарапайымдылығын көрсетеді. Көбіне-көп халық шығармашылығында ең алдымен адамның мінез-құлық жүйесіндегі ізденісінде имандылыққа, инабаттылыққа, ізгілікке тән құндылықтарға ерекше көңіл бөлінген. Атап айтар болсақ, адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, өмірдің өзегін жалғастырушы ұрпақтың өмірге келуі, адам баласының өсіп-жетілуі мен қартайып, өмірден өткенге дейінгі аралықтағы тіршілігі, тіршіліктегі адамдар арасындағы түсінік, құрмет, ізет, ата-ана мен балалары арасындағы сыйластық сияқты алуан түрлі өмірде маңызын жоймайтын көкейтесті мәселелер назардан тыс қалған емес. Ал көшпелі өмір дәстүрдің табиғат-анамен, күнделікті тұрмыспен етене тығыз болуын ұйымдастыру тәжірибесі тап осыны талап етті. Күнделікті өмір салтына бұл өмірде көргенінен көңілге түйгені көп «көненің көзі, көзенің сынығы» іспетті қарияларға ізет, үлкендерге құрмет көрсету,

әлсіздерге қамқорлық жасап отыру сияқты қасиеттер тән болған. «Міне, мұның бәрі жиналып келіп, имандылық, күнделікті тіршілік-тұрмыстағы адамгершілік қағидалардың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына көшпелілердің бүкіл қоғамдық және жеке өмірін толық жұмылдыра білді» [7, 103 б.]. Қазақ ойшылдарының даналық болмысын өздері өмір сүрген ортаның мәдени, рухани жетістіктерінің көрінісі деуге болады. Адамгершілік жөніндегі қағидалар қашанда даналықтың арқауы болған, ауыз әдебиеті үлгілерінде тиісті орын алып келген. Адам баласының бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулуда даналықтан аларымыз көп, себебі даналық – «адамтану өнерімен» шендесіп жатыр. Халық даналығының жетістігі болып табылатын халық ауыз әдебиетіндегі көпті көрген ақылгөй қарттың өсиеті, ұлттық дәстүр, мәдениет, тарих, шежіре, философия, өнегелі сөз – нағыз ғылыми негізде тумаса да небір ықылым замандарды бастан кешірген, соқпақты жылдарда шындалған, халықтық тәжірибеден туған философиялық ойлар мен даналық пікірлер екені дау туғызбайды. Рухани тірек болып келген даналықтың жетістіктерін игеруде, өмірде пайдалануда, адам жоғары маңыздылықтарға ең бастысы «адам» деген құрметті атқа ие болады.

Жалпы өмірде ең негізгі принцип – адамгершілік қасиет. Адамгершіліктің өзегі – адам боп дүниеге келген соң қашанда адам боп қалып, адамша тіршілік жасауға тиісті, адамдық биіктен көрінуі керек. Ал мінезділік – ол адам жанының рухани байлығы. Халқымызда адам өміріне байланысты туындыларда табиғи мінез-құлық, өнегелік іс-әрекет жақтары қамтылған даналық ой-түйін, тұжырымдар өзінше бір дүние, өзінше бір әлем. Адам мәселесіне қатысты даналық тұжырымдардың, толғаулардың түбінде терең ой, пайымдау, көп нәрсені түсіну, небір қиындықтарды, бастан кешкен өмір тәжірибесі, көңілде ұялаған көкейтесті ойлар, сырлар, арман, мұраттар жатыр. Демек, даналық – адамгершілікке қатысты адам баласының рухани азығы, рухани асыл сөздер қазынасы. Ал адамгершілік – адам баласын қалыптастыру, жетілдіру тұрғысындағы өзекжарды құбылыс, қасиет. Бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі – өмір тәжірибесі, халықтың әдет-ғұрпы, түптеп келгенде –

даналық. Ендеше даналық және адамгершілік бір-бірінен айырмашылықта және бір-бірінен өмір сүре алмайды деуіміз орынды болар.

Ар, ұят, жігер, намыс, сенім, ізгілік – әрқашанда даналықтың арқауы болып келеді. Бұндай тақырып аумағын қарастырмаған қазақ данасын табу қиын. Даналық сөздердің, жыраулардың толғауларының, мақал-нақыл сөздердің мазмұны осы мәселелер төңірегіндегі тебіреністерге, терең ойларға толы. Б.Қасенов өзінің «Намыс» монографиясында намыс проблемасын қарастыруда оның әлеуметтік-рухани, тарихи-философиялық мәнін жете талдап көрсеткен. Автордың қарастыруында намыс дегеніміз – «жалпы ұлтымыздың ар-ожданы, ақыл-ойы, мінез-құлық сезімі, қаһармандығы, азаматтығы, тағдыры, бауырмалдығы, зұлымдыққа өштігі, абырой үшін арпалысы, қасиеті, достық, татулық, қонақжайлылық сезімі, аруақты сыйлауы» [8, 18 б.]. Адам бойында болатын осындай қайшылыққа толы қасиеттердің мәнін тұтас қарастырғанда ғана «намыс ұғымына дұрыс жолмен келе аламыз» дейді. «Намыс – терең, кең ұғым, қайшылықты рухани күш» дей келе автор: «Намыс дегеніміз – көшпенді өмір кешкен ұлтымыздың бүкіл жаратылысындағы мәдени-рухани байлығы ретінде жинақталып, қастерленіп келе жатқан анағұрлым қасиетті сезімдерінің тұтастай бір жүйесі. Ал оның діңгегі – ұлттың ар-ұяты. Ар мен ұят, ождан деген сөздер жеке адамдар бойындағы қасиетті білдірсе де, өзінің эволюциялық дамуында сол қымбат бағалы ұсақ бөлшектер бүтіндей ұлттың кескін-келбетін, намыс сезімін құрайды» [9, 75 б.]. Ендеше намыс, ар, ұят, абырой, өршіл ерік-жігер және т.б. ізгі қасиеттердің барлығы, сайып келгенде, адамгершіліктің ажырамас бөлшектері, негізі. Әрі әрқайсысы бүкіл моральдық-психологиялық және философиялық категориялармен тығыз байланыста жетіледі. Жалпы алғанда, намысты ұяттың, абыройдың, өршіл ерік-жігердің және т. б. сияқты ізгі қасиеттердің қосындысы ретінде таныған жөн болмақ. Түптеп келгенде, даналық және адамгершілік тар ауқымға сыймайды. Оған кең өріс, кеңістік керек. Даналық сөздер біздерді адам атына лайық ғұмыр кешуге үндейді. Бұдан адамгершілік асыл қасиеттерге ие болу міндеті туындайды. Демек, даналық

сөздердің мән-мазмұны халқымыздың ғасырлар бойы қызғыштай қорып, шаң жуытпай сақтап келген ар, ұят, адалдық пен әділдік, қайырымдылық пен кішіпейілділік, үлкенге ізет, кішіге құрмет секілді кісілік қасиеттерге, шарттарға толы. Халық нақылдары, шешендік, даналық сөздер – халықтық тағылымның кең өрісті, келісті көрінісі болып қана қоймай, ғибратты өсиет ретінде толқын-толқын ұрпақтар жадында сақталып, ақыл қосқан адамгершіліктің мектебі тәрізді. Жақсылық, ізгілік, имандылық атаулының түпкі қазығы, арғы негізі дана бабаларымыздың асыл үлгі-өнегесінде жатыр. Демек, бабаларымыздан бізге жеткен баға жетпес дана сөздердің басты Темірқазығы – Адамтану және жас ұрпақты жақсылыққа баулу. Міне, бұл нағыз адамгершіліктің алтын қазығы. Осы негізде өмірге келген небір асылы сөз өрнегінің келешек ұрпаққа берер сабағы, тәлім-тәрбиесі қандай кең ауқымда екендігін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә. Бұлардың бәрінде дерлік ақыл да, өнеге де, болашаққа үміт, биік мұраттар, арман тілек орын алады.

Сонымен қорыта айтқанда, даналықты игеру жай ғана меңгеру емес, даналықтың диалектикасын игеру деген сөз. Дана адам – даналықты игеріп қана қоймай, оны шеберлікпен әрі қарай дамытып отырады. Дара тұлғалардың даналығының өзі – қазақ халқына тән адамгершілікті игеруден, сіңіруден келіп шықты. Демек, даналық және адамгершілік біте қайнасып жатыр, әрі бірін-бірі толықтырып отырады, әрі бір-бірінен өмір сүрмейді.

Ұлы адамдардың даналығы халықтың тұрмыс-тіршілігі, ой-арманымен келтіріледі. Халқымызға тән диалектикалық ойлау процесі ең бастысы табиғи болмысты, әлемдік кеңістікті игерумен тікелей сабақтастықта дамып жетіледі. Бұл ойлау жүйесіндегі кеңістік, шексіздік көзқарасының өзгешелігі еді. Не болмаса уақыт түсінігін алайық, бұл да өзіндік ерекшелігімен дараланады: қазақ халқында бүгінгі өмірді бағалау, қадірлеу арқылы, әлемді, дүниені басқа халықтарға қарағанда терең түсінеді.

Даналық – адамның өзін-өзі тануы, өзін-өзі жете түсінуі. Тек сол арқылы ғана ол басқа адамдарды және табиғатты, өзі өмір сүрген ортаны тани алады. әрбір жеке тұлғаның ішкі рухани дүниесі – олардың өз өмірінен келіп шыққан дүниелер.

Сондықтан да олар халыққа түсінікті тілде айтады. Халық оларды түсіне білген, әрі сондарынан ерген. Қазақ рухани әлеміндегі даналық диалектикасы өмірдің тыныс-тіршілігінен келіп туындайды. Яғни адамгершілік даналықтың көзқайнары. Адамгершілік әрбір адамның бойына бітетін қасиет, тек оны алып жүретін пенде ғана нағыз адам атына лайық деп сенім білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- [2] Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 30 б.
- [3] Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 560 б.
- [4] Байділдаев М. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1. – 256 б.
- [5] Есімов Ғ. Нәпсі // Қазақ әдебиеті. – 18 тамыз 2000.
- [6] Мырзалиев Қ. Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 445 б.
- [7] Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- [8] Қасенов Б.Қ. Намыс (философиялық эссе). – Қарағанды, 1999. – 254 б.
- [9] Сонда.

© С.Е. Адылханова, 2022

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Б.Н. Берикханова,
*«Семей қаласының №6 гимназиясы» КММ,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы*

М. ӘУЕЗОВ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

Аннотация: мақалада М. Әуезовтің драмалық шығармаларындағы тарихи шындық мәселесі көтеріледі. Азаттық көтерілістің тарихи шындығын көркем тілмен жеткізген «Хан Кене» драмалық шығармасына талдау жасалады.

Түйін сөздер: драмалық шығарма, қазақ драматургиясы, тарихи шындық, тарихи тақырып.

Қазақ драматургиясының өркендеу жолындағы кең бір арналы сала – тарихи тақырыпқа жазылған пьесалар. Қай елдің тарихын алсаңыз да, халық мүддесі үшін күресіп өткен, ұлы даңқы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, өлмес ісі ұлт мақтанышына айналған әйгілі ардагерлер бар. Халықтың бұрынғы өткен осындай асыл азаматтарының – тарихи адамдарының ел үшін еткен еңбегін, қажырлы күресін, армандары мен ойларын олардың бүгінгі ұрпақтарының көз алдына жандандырып, жайнатып әкеліп көрсету – өте құрметті де, аса қиын да жұмыс.

Әр шығармасын жазуға үлкен дайындықпен келетін М.Әуезов «Хан Кене» драмасын жасауға да саналы түрде барды. Бұл пьеса 1928 жылы жазылғанымен, 1934 жылы театр сахнасында қойылады. Ол шығарманы жазу үшін ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы Ресей мен Қазақстандағы әлеуметтік және саяси жағдайларды бойлай зерттеп, солардан үлкен арналы ойға арқау тапты. Көрермендерге жауап ретінде ол туралы: «Пьесаны жазардан бұрын көп материал жинадым, Кене хан қозғалысының тарихын білемін деп сеніммен айта аламын. Орынбордың, Омбыдағы Сібір ведомствосының материалдарын зерттедім, қазақтар мен қырғыздар арасынан материалдар жинадым. Әр тарихи дерекке әркімнің өзінше қарауға құқы бар,

бірақ өз концепциясы болмаса, ешбір автор тарихи тақырыпқа қалам тарта алмайды», – деп ой қорытады. Ең алдымен Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінде қазан төңкерісіне дейінгі халық тарихының шежіресін жасауда ерлікке парапар батыл қадам жасады. Өйткені, бұған дейінгі кезеңде тарихи тақырыпқа салқын көзқарас ұлттық әдебиетте ұзақ уақытқа дейін белең алып келді.

«Алашорда» қайраткерлері тап болған зауал әлемдегі бір де бір ұлт-азаттық қозғалыс басынан кешпеген зауал еді. Оларды патшалық монархия бір, империялық мемлекет екі, кеңес өкіметі үш жақтан жаныштап, қуғын мен түрмеден көздерін аштырмады. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов те сол «қилы заманға» тап болды. [1,186].

Бұған дәлел ретінде жазушының 1932 жылы жазған «Ашық хатын» алуымызға болады. Кеңес өкіметінің барлық жазалау саясатын басынан өткерген М.Әуезовтің тағдырына бұл хаттың ерекше әсері бар. Сол кездегі саяси жағдайға байланысты өмір үшін өнерінен бас тартудан басқа қаламгердің лажы жоқ еді. Бірақ осы «ашық хатты» жазумен М.Әуезов шығармашылық өнерден мүлдем бас тартты деп түсінбеу керек. Бұған дәлел – автордың осы ашық хатты жазып, ал 1934 жылы жұртшылықты дүр сілкіндіріп «Хан Кене» трагедиясын театр сахнасына шығаруы.

Көп уақытқа дейін театр сахнасына шығаруға жолдама берілмей, тек алты жылдан кейін ғана Қазақстан Республикасы мемлекеттік театрының сахнасында бірінші рет қойылған «Хан Кене» трагедиясының сахналық көрінісіне байланысты көп ұзамай-ақ баспасөз бетінде көрермендердің пьеса туралы бір-біріне қарама-қайшы пікірлер жариялана бастады. «Осы пікірлерге байланысты трагедияның сахна төрінен орын алуына уақытша тыйым салынып, жарты ғасыр уақыт бойы мұрағат шаңында көміліп жатты. М.Әуезов мұражайы қызметкерлерінің ерлігі арқасында 1983 жылы жиырма томдық шығармалар жинағының он төртінші томына енгізілген» [2,7].

«Хан Кене» трагедиясы туралы қарама-қайшы пікірлердің тууы оның объектісі мен тақырыбына, тарихи тұлғаны драматургтің қалай көрсеткеніне тікелей байланысты. М.Әуезов «Хан Кене» трагедиясында өмірі де, өлімі де шырғалаңға толы

ірі тарихи тұлғаны терең зерттеп, бейнелеуге батыл қадам жасады. Тұлға мен заманның, дәуір мен тағдырдың, тұлға мен халықтың қарым-қатынасын әдеби бейнелер арқылы көрсетіп, қазақ ұлтының тарихи болашағына толғанып ой жіберді.

Трагедияның көркемдігі, академик Р.Нұрғалиевтің сөзімен айтқанда «драмалық жанрдың барлық талап-тілегіне толық жауап береді» [3,188]. «Шығармадағы жиырма екі кейіпкердің барлығы да тарихи тұлғалар, қозғалыстың басы-қасында болған жандар. Пролог пен қырық жеті көріністен тұратын бес перделі тарихи пьеса 1841 жылдың жазына дейінгі аралықты қамтиды» [2].

Ғ.Мүсірепов «Хан Кенені» қалай түзету керек?» деген мақаласында Әуезовтің бұл пьесасы бұрынғы хандық өмірді дәріптейтінін айта келіп, егер бұл күйінде, бұл бағытында қалатын болса, пайдасынан зияны мол болатындығын ескертіп, «Хан Кененің» атын да, оқиғасын да түгел өзгертуді ұсынады. Ғ.Мүсірепов әдеби жұртшылықты «Хан Кененің» ескі желісін үзіп, кеңес жұртшылығының тілегіне бағындырып, қайта құруына жәрдемтесуге шақырады. Пьесаны түзету жолында «әуелі соңына ерген елдер тастап кетіп, қырғыздардың ұстап әкетуімен оқиғаны аяқтау керек» деген ұсыныс білдіреді [4].

Пьесаның сахнада қойылуы, «Хан Кененің» ойналуындағы кемшіліктер туралы жазылған көлемді мақала – С. Сейфуллиннің «Хан Кене» туралы» атты мақаласы. С. Сейфуллин бұл мақаласында пьесаның қысқаша мазмұнына тоқтала келіп, Қазақстанға тарихи кітаптардың қажет екендігін, «Хан Кене» дұрыс көрсетілмегендігімен, тарихымыздың белгілі бір дәуірінің мәселелерін көтергендігін қолдайды.

«Төсекте басы, төскейде малы қосылған қазақ пен қырғыздың о бастан еншісі бір. Тілі де ұқсас, түрі де ұқсас. Мінез – құлқында да алабөтен айырмашылық жоқ... Өміріміздің ағысы, өнеріміздің өрісі тоғысып жатыр» [5]. С. Сейфуллиннің негізгі көздеген мақсаты – бауырлас қырғыз бен қазақ арасын аша бермей, достық пен татулықты нығайтуға арналған шығарма жазу.

Автор Кенесары күшпен, айламен ала алмаған, басын біріктіре алмаған қырғыз-қазақтарды жалғыз кемпірдің біріктіріп Кенесарыға қарсы шыға келуі тым нанымсыз

суреттелгенін айта келіп, «бұдан таптық жіктердің арасы айқындалды деу қиын болар» дейді [5].

I.Жансүгіров «Қата қайда?» деген мақаласында пьеса жазуда емес, қойылуда түзелетіндігіне тоқтала келіп, «театрдың кісіге де, қаражатқа да кедей екендігін, әлі де көрнекті өнер адамы – маман жоқтығын» ерекше атап өтеді [6]. Мақала авторының ойынша, «Хан Кенені» қоюдағы басты қате – пьесаның ескі құрылыс уақиғасы сол қалпында, өзгертілместен, біразырақ жамаулар жапсырып, қайта қойылуы. С. Сейфуллин де, I.Жансүгіров те мақалаларында F.Мүсіреповтің пікіріне қосылып «Хан Кенені» қайтадан жазып, түзету керек», – деген тоқтамға келеді.

M.Әуезов осы айтылған пікірлерді негізге ала отырып, «Хан Кененің» екінші нұсқасын жазып шықты. Бұл – «1934 жылғы спектакльге байланысты баспасөз сындарынан кейін автор өз еңбегіне қайта бір көз жіберіп, ой елегінен өткізіп, әбден шындалған, өз қолымен кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен пьесаның ең соңғы жаңа нұсқасы, жаңа редакциясы» [7]. Мұнда алғашқы мәтіндерде қатысатын кейбір адамдардың (кедейлер, диуана кемпір, жесір қатындар, қырғыздар – Жантай, Қалығұл, Жанқараш, Орман манап, Тайсары, Толыбай), кейіпкерлердің жас шамасын айқындайтын автор жазбалары, әр пенденің өн бойынан жеке-жеке көріністер, диалогтар мен монологтар (жетім балаларды бәйгеге тігу, қазан басындағы үш кедейдің әңгімесі, жесір қатындар шуы, диуана қатын қарғысы, дулаттар мен кемпір диалогы, диуана кемпірдің Кенесары мен Наурызбайды іздеп баруы), Кенесары мен Наурызбайдың қолға түскеннен кейінгі қырғыздардың дауы мен Кенені қырғыз қатыны, Наурызбайды Толыбайдың өлтіруімен аяқталатын соңғы алтыншы перде біржола қысқартылып, пьесаның әдеби тіл бояуы біраз жетілдірілген. Кезінде біраз сын айтылған диуана кемпірдің әрекеттерін, қобыз сарынын, ән-жырлар мен жалпы сахналық шешім құбылыстарының бәрін де драматург алып тастаған [2].

«Хан Кене» пьесасы патшаның отарлау барысында қатыгездіктері мен аярлықтарын, еркін елдің бостандық үшін құрбан болған ерлерінің өршіл рухын өнер сахнасы арқылы бейнелеген. Бүкіл ғұмырын азаттық жолына арнаған Кенесары

ханның отаншыл мінезі тарихи тұрғыдан сомдалған.

М.Әуезов Кенесары трагедиясы оның мақсатына жете алмағандығында ғана емес, сонымен қатар оны көп әлеуметтің түсінбегендігінде және сырт айналып кеткендігінде деп қарайды. Кенесары өз айналасындағы өзімен терезесі тең адамдарға да, сондай-ақ өзінен төмен тұрған, халықтан шыққан көп адамдарға да түсініксіз болды. Олар Кенесарына тек хан тағына отыру үшін күресіп жүр деп ұқты.

«Үлкен шебердің сомдап құйған драмалық характерінің бірі – Наурызбай. Жас батырдың фольклордағы, тарихи деректердегі сипаттамасын Әуезов терең зерттеп біліп, өз шығармасында ұластыра, ұлғайта келіп, естен кетпестей сахналық бейне жасаған. Бұл – сөзі, іс-әрекеті, сезім-түйсігі, ой байламы бір-ақ арманға, бір-ақ жолға-қазақ елінің еркіндігі үшін күреске арналған хас батыр»[3,6].

Төре тұқымына тән астамдық, батырлық пен қайрат, қызу қандылық, шапшаң әрекет пьесада Наурызбайдың әрбір қадамынан байқалады. Пьесада, халық ақындарының дастандарында жырланғандай, Наурызбайдың ерен қимыл, қанды шайқасы дамытыла суреттеліп, ұзақ желі боп айтылмайды. Оның әрекеті сахна шартына орай суреттеледі. Кейбір жағдайларда тереңнен ойлау, сабырлылық жетіспей жатқанымен, ол азаттық үшін күрес жолына бүкіл өмірін, жалын – жігерін арнауымен дараланады.

Қозғалыс жылдарындағы тарихи шындық елбасыларының ауыз бірлігінің жоқтығы еді. Кене ханды қиындыққа ұшыратқан да осы жайлар, ел ішінен шыққан іріткі. Қазақ шонжарларының көпшілігі атақ – мансапқа сатылып, Ресей патшалығының қол шоқпарына айналған. Осы алуандас сан түрлі әрекеттерді драматург жанр мүмкіндіктеріне орай пьесаның өн бойында түгел көрсетіп отырады (Жантөре, Шотай, Балғожа, Мұса, Рүстем, Сыпатай опасыздықтары).

Қорыта айтқанда, тарихи трагедия бұдан бірнеше жыл бұрын өтіп кеткен ескі мен жаңаның арасындағы тартысты суреттейді. М.Әуезов азаттық үшін алысқан ұлы батырдың ғана бейнесін емес, азап шеккен, оң жол іздеген, үмітке сенім артқан адамның ірі тұлғасын жасады.

М.Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясы – Кенесары

Қасымұлы бастаған ұлт – азаттық көтерілістің тарихи шындығын көркем тілмен жеткізген алғашқы трагедия. «Хан Кене» кейіпкерлері жүйеленген және тілдік ерекшелігі мол көркем туынды, сондай-ақ көркемдік шындық арқылы қазақ халқының рухани әлемін, тәуелсіздік үшін күресін, ұлттық психологиясын сахна тілімен терең суреттеген, ұлттық әдебиетіміздегі ең алғашқы және өміршең дәстүр қалыптастырған тарихи трагедия.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Жұртбай Т. Өмір үшін өнерінен бас тартқан // Абай, 1995. №2.

[2] Серғазы Л. М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясының тарихылығы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Астана, 2004.

[3] Нұрғалиев Р. Драма өнері. – Алматы, 2001 – 480б.

[4] Мүсірепов Ф. «Хан Кенені» қалай түзету керек? // Социалды Қазақстан, 1934. 24-26 май.

[5] Сейфуллин С. «Хан Кене» туралы // Абай, 1993. №8.

[6] Жансүгірұлы І. Қата қайда? // Абай, 1993. №8.

[7] Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т-14. – Алматы, 1983 – 480 б.

© Б.Н. Берикханова, 2022

*И.П. Коунтесс Д'са,
старший преподаватель
кафедры иностранных языков,
e-mail: urta@mail.ru,
ГБОУ ВПО СтГМУ,
г. Ставрополь, Российская Федерация*

УЧЕБНАЯ РОЛЕВАЯ ИГРА

Ключевые слова: наука, язык, английский, терминология, неологизм, роль, игра, русский, язык, словосочетание, лексика.

Учебные ролевые и деловые игры на занятии по иностранному языку в комплексе с дискуссиями и дебатами, является наиболее информативным и результативным методом обучения с точки зрения восприятия. Учебная ролевая и деловая игра – это особо организованное задание, требующее от участников напряжения эмоциональных и умственных сил. Она представляет собой ситуацию со своим сюжетом и действующими лицами, у которых есть общая или особенная роль в конкретной процедуре общения. Все вышеуказанное будет содействовать формированию профессионально значимой иноязычной коммуникативной компетенции студентов. Включаясь в учебные ролевые игры на занятиях иностранного языка, студенты представляют себя в роли кого-то другого в конкретной ситуации, ведут себя надлежащим образом, согласно правилам этой игры. Социальные учебные ролевые игры (врач-пациент), межличностные (друзья, одногруппники), психологические (нейтральные, позитивные, негативные персонажи) роли, которые исполняют студенты, способствуют тому, что они учатся общаться и обсуждать вопросы, понимать и оценивать чувства других людей, решать проблемы. Конечной целью любой ролевой игры на занятиях по иностранному языку является получение новых знаний и отработка их до навыков. Деловая игра может включать в себя целый комплекс методов активного обучения: дискуссию, мозговой штурм, анализ конкретных производственных ситуаций, действия по

инструкции. Деловую игру можно использовать для решения комплексных задач усвоения нового материала, закрепления и развития творческих способностей. Ее значение определяется тем, что в процессе решения определенных проблем активизируются не только знания, но и развиваются коллективные формы общения, то есть коммуникативная компетенция.

Целью учебных ролевых и деловых игр на иностранном языке является подготовка к определенным ситуациям. Например, таким как осмотр пациента, ведение истории болезни на иностранном языке, обсуждение различных вопросов, связанных с оказанием соответствующей медицинской помощи пациентам. В процессе учебной ролевой игры студент апробирует поведенческие модели, присущие для его будущей профессиональной деятельности.

Использование учебной ролевой игры ориентирует на коллективное обсуждение проблемы, активное взаимодействие между студентами, между студентами и преподавателями, выработку правильного понимания изучаемой темы, обеспечивает связь теории с практикой.

Задача учебных ролевых и деловых игр на иностранном языке на занятии в том, что они помогают овладеть иностранным языком в занимательной форме, создают психологическую готовность студентов к общению, развивают память, внимание, смекалку, поддерживать интерес к иностранному языку, тренируют в выборе нужного речевого варианта, что является подготовкой к спонтанной речи вообще. Кроме того, учебные ролевые и деловые игры способствуют:

- формированию профессиональных знания и развивают учебные умения в игровых ситуациях, имитирующих будущую профессиональную деятельность;

- развивают у студентов мотивацию познавательной деятельности и сформировать на ее основе профессиональную мотивацию;

- становлению умений работать в коллективе;

- принужденному диалогическому общению с преподавателем и студентами;

- становлению адекватной самооценки личности и

эмоциональной вовлеченности в процесс обучения.

Список использованных источников и литературы:

[1] Развитие коммуникативно-языковой компетенции студентов дефектологов в ходе решения ситуационных задач. / Коунтесс Д'са И.П. // София. – 2021. – С. 171-174.

[2] Edited by Dr Harvey /Marcovitch Medical Dictionary, 43-rd edition /-2020

© *И.П. Коунтесс Д'са, 2022*

*А.К. Нурсадыкова,
бастауыш сынып мұғалімі,
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі»,
Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы*

ДАМЫТА ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК DAҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аннотация: мақалада дамыта оқыту жүйесінде диалогтік оқыту арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру мәселесі қарастырылып, нақты талдау жасалады.

Тірек сөздер: дамыта оқыту жүйесі,, диалогтік оқыту технология, тілдік дағды.

Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету.

